



**FREEDOM
BROKER**

Ішкі пайдалану үшін

Бекітілген

«Фридом Финанс» АҚ

Директорлар кеңесінің
шешімімен

(2024 жылғы «13» қыркүйектегі хаттама
№09/13)

2024 жылғы «13» қыркүйектен
бастап

қолданысқа енгізілді

**«Tradernet» сауда жүйесі мен мобилді
қолданбасы арқылы
электрондық қызметтер көрсету
ҚАҒИДАЛАРЫ**

Алматы қ.

2024

МАЗМҰНЫ

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2-тaraу. ЭЛЕКТРОНДЫҚ КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗБЕСІ	4
3-тaraу. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ.....	5
4-тaraу. САУДА ЖҮЙЕСІНДЕ ЖӘНЕ МОБИЛДІ ҚОЛДАНБАДА СӘЙКЕСТЕндіРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ	6
5-тaraу. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ БҰFАTTAУ/ТОҚТАТА ТҮРУ	7
6-тaraу. ҚАУІПСІЗДІК РӘСІМДЕРІ.....	8
7-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	9

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының «Tradernet» сауда жүйесі мен мобилді қолданбасы арқылы электрондық қызметтер көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – БҚР туралы заң), «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – ЭҚӘЦҚ), «Номиналды ұстаушылардың электрондық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 27 қаулысына сәйкес әзірленген және «Фридом Финанс» акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Брокер) «Tradernet» сауда жүйесі мен «Tradernet» мобилді қолданбасы арқылы клиенттерге электрондық қызметтер көрсету тәртібі мен талаптарын көздейді.
2. Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:
 - 1) аутентификация – Брокер белгілеген қауіпсіздік рәсімін пайдалану жолымен клиенттің жеке басын, электрондық құжат жасаудың түпнұсқалылығын және дұрыстығын растау;
 - 2) биометриялық сәйкестендіру – «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын ескере отырып, клиенттің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері негізінде электрондық көрсетілетін қызметтерді алуға құқықтарын бір мәнді растау мақсатында оның жеке басын анықтау рәсімі;
 - 3) клиентті динамикалық сәйкестендіру – бір реттік (бір жолғы) немесе көп реттік кодты пайдалану арқылы оның электрондық көрсетілетін қызметтерді алу құқығын бірыңғай растау мақсатында клиенттің жеке басын растауды белгілейтін рәсім;
 - 4) Шарт - Брокер мен клиент арасында жасалған, клиентке электрондық қызметтер көрсетудің тәртібі мен талаптарын қамтитын брокерлік қызметтер көрсету туралы шарт (номиналды ұстаумен);
 - 5) пайдаланущы аты (логин) - сауда жүйесінде тіркеу және сауда жүйесі арқылы Электрондық қызметтерге кейіннен қол жеткізу мақсатында сауда жүйесі ұсынатын сауда жүйесіндегі клиенттің бірегей атаяу;
 - 6) клиент – Брокермен шарт жасаған және сауда жүйесінде тіркеу рәсімінен өткен жеке немесе заңды тұлға;
 - 7) жеке кабинет – ол арқылы клиент брокерге электрондық көрсетілетін қызметтерді ұсынуға тапсырма жіберетін, электрондық көрсетілетін қызметтерді алатын брокердің сауда платформасындағы интерактивті сервис;
 - 8) көп факторлы аутентификация — жеке тұлғаның жеке басын растаудың бірнеше тетігін талап ететін ақпараттық ресурсқа қол жеткізуді бақылау әдісі. Логин мен парольді енгізуге қосымша ретінде, жеке басын бір реттік пароль, QR коды, биометрия, Web-Token және (немесе) басқа да ұқсас технологиялар арқылы растау қажет;
 - 9) «Tradernet» мобилді қолданбасы — iOS және Android мобилді операциялық жүйелері үшін әзірленген, сауда жүйесінің қолданбалы бағдарламалу интерфейсін (бұдан әрі – API) пайдалана отырып, сауда жүйесі арқылы жұмыс істейтін мобилді бағдарламалық жасақтамасы;
 - 10) пароль – сауда жүйесіне кіру кезінде пайдаланушының және (немесе) үәкілдеп тұлғаның жеке басы мен өкілдептіктерін растауға арналған символдар жиынтығы;
 - 11) Клиентті «Tradernet» сауда жүйесіне қосу – Шарттың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес пайдаланушыны және (немесе) үәкілдеп тұлғаны сауда жүйесінде тіркеу;
 - 12) клиенттің тапсырмасы – электрондық құжат нысанында немесе өзге электрондық цифрлық нысанда жасалған, клиентті серпінді сәйкестендіру арқылы күәландырылған клиенттің брокерге электрондық көрсетілетін қызметтерді ұсынуға нұсқаулығы;

- 13) қауіпсіздік рәсімі – клиенттің электрондық көрсетілетін қызметтерді алу құқыбын белгілеу және клиенттің берілетін және алынатын тапсырмаларының мазмұнындағы қателерді және (немесе) өзгерістерді анықтау мақсатында клиенттің тапсырмаларын жасау, беру және алу кезінде клиентті сәйкестендіруге арналған үйымдастыру шараларының және бағдарламалық-техникалық ақпарат қорғау құралдарының кешені;
- 14) электрондық цифрлық қолтаңба құралдары – электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және оның түпнұсқалығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы;
- 15) «Tradernet» сауда жүйесі немесе сауда жүйесі – брокердің сауда платформасы – қор биржасының сауда жүйесінде қаржы құралдарымен операциялар туралы, қор биржасының сауда жүйесінде шетел валютасымен операциялар (қолма-қол емес шетел валютасымен айырбастау операцияларын үйымдастыруға қатысты), клиенттің бағалы қағаздарының портфелі және өзге де қаржы құралдары туралы ақпарат, өзге де ақпарат алуды, сондай-ақ клиентке электрондық көрсетілетін қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерін қоса алғанда, брокердің бағдарламалық және техникалық құралдарының жиынтығы;
- 16) сауда сессиясы – жеке кабинетте немесе мобилді қолданбада сессия шенберінде сауда операцияларын жүргізу үшін клиентті көп факторлы сәйкестендіру арқылы санкцияланған қол жеткізу;
- 17) қор биржасының сауда жүйесі – осы қор биржасының мүшелері арасында эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен оларды пайдалана отырып мәмілелер жасалатын, қор биржасының материалдық-техникалық құралдарының, ішкі құжаттарының және өзге қажетті активтер мен рәсімдердің кешені;
- 18) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дәйектілігін, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;
- 19) электрондық көрсетілетін қызметтер – Брокер сауда операцияларын, жеке шот бойынша операцияларды және (немесе) ақпараттық операцияларды жүзеге асыру бойынша клиентке Брокердің сауда жүйесі немесе мобилді қолданбасы арқылы ұсынاتын қызметтер, сондай-ақ Брокер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Осы қағидаларға сәйкес ұсынатын өзге де қызметтер.

2-тaraу. ЭЛЕКТРОНДЫҚ КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗБЕСІ

3. Брокердің сауда жүйесі жеке кабинетті пайдалану арқылы электрондық қызметтер көрсетуді, сондай-ақ демонстрациялық нұсқада оқыту мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сауда жүйесінің браузер-нұсқасы қосымша қондырылғыларды қамтымайды және тегін беріледі. Мобилді қолданба мобилді құрылғыларға арналған қолданбалар дүкенін пайдалану арқылы электрондық байланыс құралдарына орнатылады.
4. Брокердің сауда жүйесі клиентке мынадай операцияларды жасау мүмкіндігін береді:
 - 1) номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі ақпараттық операция, мыналар бойынша:
 - клиенттің жеке шотынан үзінді-көшірме беру;
 - жүргізілген операциялар туралы есеп беру;
 - клиенттің сұратуы бойынша басқа есептер дайындау және беру;
 - 2) жеке шот бойынша операциялар, мыналар бойынша:
 - жеке шот ашу;

- клиент туралы мәліметтерді (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқығын) өзгерту;
 - клиенттің жеке шоттарынан (шоттарына) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқығын есептен шығару (есепке алу);
 - бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқығына) ауыртпалық салу және ауыртпалықты алу;
- 3) сауда операциясы:
- бағалы қағаздар нарығында сауда жүйесі арқылы жүзеге асырылатын қаржы құралдарын сатып алу немесе сату;
- 4) Брокердің ішкі құжаттарында айқындалған өзге де операциялар.
5. Клиент осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген операцияларды сауда жүйесіндегі жеке кабинет арқылы немесе мобилді қолданба арқылы берілетін өз тапсырмаларының негізінде жасайды. Клиенттің тапсырмасын беру кезінде сауда жүйесі тиісті клиенттер тапсырысын/бұйрықты қалыптастырады, оның мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасында, брокерлік және дилерлік қызмет Регламентінде (бұдан әрі — Регламент) және Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген деректемелерді қамтиды.

3-тaraу. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

6. Брокер қаржы құралдарымен мәмілелер жасау тәртібі мен талаптарына қолданылатын заңнамада белгіленген талаптарды сақтайты.
7. Брокер электрондық қызметтерді клиентке қашықтан, сауда жүйесіне қол жеткізуі ұсыну арқылы немесе Интернет арқылы қорғалған байланыс арналары арқылы мобилді қолданба арқылы ұсынады.
8. Жұмыс үшін:
 - 1) клиент сауда жүйесімен мынадай операциялық жүйелердің бірі: MS Windows, Linux, MacOS; интернет-браузері бар және Интернет желісіне қосылған жүйелерді басқаратын дербес компьютерден тұратын бағдарламалық-техникалық құралдардың болуын дербес қамтамасыз етуі қажет;
 - 2) клиент мобилді қолданбамен мынадай операциялық жүйелердің бірі: iOS, Android, және Интернет желісіне қосылған жүйелерді басқаратын ұялы телефонның болуын дербес қамтамасыз етуі қажет.
9. Клиенттің электрондық қызметтерге (брокерлік және (немесе) номиналды ұстай) Шарт жасалып, клиентті сауда жүйесінде тіркеу рәсімінен өткеннен кейін қол жеткізе алады.
10. Клиент пен Брокер арасында Шарт жасау тәртібі мен талаптары Регламентке сәйкес айқындалады.
11. Брокер өз қалауы бойынша Регламентте белгіленген тәртіппен электрондық ресурстарды пайдалана отырып, клиент Шартқа қосылу туралы өтінішке/Шартқа қашықтан қол қою арқылы Шарт жасау мүмкіндігін беруге құқылы.
12. Брокер электрондық қызметтерді клиентке сауда жүйесіндегі клиенттің жеке кабинеті арқылы ұсынады. Сауда жүйесінде және жеке кабинетте операцияларды клиентті жеке кабинетте сәйкестендіру және аутентификациялау талаптарында жасауға болады. Сауда жүйесіне және жеке кабинетке кіру клиенттің көп факторлы аутентификациясы арқылы жүзеге асырылады.

13. Брокер клиентке электрондық қызметтер көрсеткен кезде сауда операцияларын, дербес шот бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды жүзеге асыру клиенттің көп факторлы аутентификациялауды пайдалана отырып, клиенттің тапсырмасы негізінде жүргізіледі.
14. Брокердің сауда жүйесі мыналар көзделеді:
 - 1) өзгертілетін деректердің сақталуы және клиенттің іздеу, оның ішінде бұрынғы деректер бойынша; барлық сауда операциясы, клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе толық атауы өзгерген кезде бүкіл қезең үшін жеке шот бойынша операциялар және (немесе) ақпараттық операциялар бойынша ақпараттың сақталуын;
 - 2) ақпаратты жеке сұрату бойынша және кез келген критерийлер бойынша сұратуды сақтаумен іздеу, сондай-ақ кез келген параметрлер бойынша ақпараттың іріктеу және алдыңғы құн үшін ақпаратты қарастыру мүмкіндігін;
 - 3) барлық операция бойынша ақпараттың өндегі және қысқартусыз құндер бойынша сақтауды көздейді.
15. Электрондық қызметтер шенберінде сауда жүйесі негізінде қазіргі және (немесе) әлеуетті клиенттер үшін басқа да қосымша сервистер әзірленуі мүмкін. Сауда жүйесінің функционалына қосымша және (немесе) қосылған мүмкіндіктер мен қызметтер туралы ақпаратты Брокер Брокердің www.almaty-fin.kz ресми сайтында орналастырады.
16. Клиент Брокердің ішкі құжаттарындағы талаптарға сәйкес тапсырмаларды (бұйрықтарды/клиенттік тапсырыстарды, өзге де тапсырмаларды) толтыруы қажет, бұл ретте тапсырмаларды дұрыс ресімдемегені үшін ықтимал залалдар мен келтірілген залалды қоса алғанда жауапкершілік клиентке жүктеледі.
17. Клиенттердің тапсырмаларын қабылдауды/тапсырмаларын қабылдаудан бас тартуды, оларды орындау жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыруды Брокер қолданыстағы заңнамаға, Регламентке, осы Қағидаларға сәйкес жүргізеді. Брокер қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда және (немесе) Регламентте, осы Қағидаларда көзделген өзге де жағдайларда тапсырмаларды қабылдаудан бас тарта алады.
18. Ақпараттық технологиялар департаменті абоненттік қызмет көрсету (қолдау көрсету) шарты шенберінде қызметтер жиынтығын қамтамасыз ететін мердігермен коммуникацияға жауапты бөлімше болып табылады.

4-тарау. САУДА ЖҮЙЕСІНДЕ ЖӘНЕ МОБИЛДІ ҚОЛДАНБАДА СӘЙКЕСТЕНДІРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

19. Клиенттің сәйкестендіру мынадай:
 - 1) сауда жүйесінде: Интернет желісінде мынадай: tradernet.kz веб-мекенжайы бойынша клиенттің сауда жүйесінің тиісті терезесіне пайдалануышының тиісті атын (логинді) немесе сауда жүйесіне кіретін электрондық поштасын, паролін немесе ұялы телефон нөмірін енгізуі арқылы;
 - 2) мобилді қолданбада: клиенттің мобилді қолданбаның тиісті терезесінде сауда жүйесіне кіретін тиісті электрондық пошта мекенжайын, парольді немесе ұялы телефон нөмірін енгізуі арқылы жүзеге асырылады.
20. Брокер тек мынадай талаптарға сәйкес келетін клиенттермен қашықтан іскерлік қатынастар орнатады:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестендіру нөмірі берілген жеке тұлға не заңды тұлға;
 - 2) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген тұлғалар болып табылмайды;
 - 3) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Конвенцияның бұрыштамасына сәйкес халықаралық санкциялар (эмбарго) қолданылатын

- белгіленген тұлғалар немесе ұйым болып табылмайды;
- 4) клиент Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Заңның 5-бабының 7-тармағына және Брокердің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында Ішкі бақылау жөніндегі қағидаларына сәйкес күштейтілген тиісті тексеру шарапарын қолдануды талап ететін тәуекел деңгейі берілген тұлға болып табылмайды.
21. Брокер Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға (КЖ/ТҚ) байланысты тәуекел дәрежесін бағалау негізінде клиенттермен іскерлік қатынастарды қашықтан орнату туралы шешімді дербес қабылдайды. Бағалау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі № 111 Қаулысының талаптарына және Брокердің КЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалауды регламенттейтін ішкі құжаттына сәйкес клиенттің типін, елдік (географиялық) тәуекелді, сондай-ақ көрсетілетін қызметке (өнімге) және (немесе) оны ұсыну тәсіліне байланысты тәуекелді талдауды қамтиды.
22. Пайдаланушының сауда жүйесінде/мобилді қолданбаға кіретін аты (логин), паролі және (немесе) ұялы телефон нөмірі және көп факторлы аутентификация дұрыс көрсетілген жағдайда, сауда жүйесінде/мобилді қолданбада клиентті сәйкестендіру тиісті түрде жүзеге асырылды деп танылады, содан кейін клиентке жеке кабинетке кіру, шот бойынша ақпаратты қарау мүмкіндігі, сондай-ақ көп факторлы аутентификация арқылы сауда сессиясын ашу мүмкіндігі беріледі.
23. Сауда жүйесінде/мобилді қолданбаға кіру үшін клиенттің:
- 1) пайдаланушының сауда жүйесінде кіретін аты (логин)/электрондық поштасы, клиент орнатқан паролі және ұялы телефон нөмірі болуы керек;
 - 2) клиент сауда жүйесінде кіретін паролін жоғалтқан жағдайда, логинді, электрондық мекенжайды білсе немесе клиентке электрондық мекенжайына немесе ұялы телефонына парольді қалпына келтіру үшін код жіберіліп, кодын білгеннен кейін парольді қалпына келтіру рәсімі арқылы оны қалпына келтіре алады.

5-тaraу. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ БҮҒАТТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ

24. Клиент сауда жүйесінің жеке кабинеті арқылы тиісті нұсқау берген жағдайда, Брокер клиенттің сауда жүйесінде (электрондық қызметтер көрсетуді тоқтата тұрады) және мобилді қолданбаға кіруін бүғаттайтын.
25. Брокер сауда жүйесінде кіруді бүғаттауды клиент жүгінген және оны сәйкестендірген сәттен бастап 15 (он бес) минут ішінде жүзеге асырады.
26. Сауда жүйесінде кіру бүғатталған жағдайда Брокердің сауда жүйесі клиентке себебі көрсетілген хабарлама береді.
27. Сауда операциясын, жеке шот бойынша операцияларын орындау кезінде Брокердің сауда платформасы клиентке БҚР туралы занда көзделген негіздемелер бойынша осы операцияларды жасаудан бас тарту туралы хабарлама, оның ішінде мынадай талаптар орын алған кезде:
- 1) жеке шоттан есептен шығарылуы тиіс бағалы қағаздар саны осы шоттағы бағалы қағаздардың санынан артады;
 - 1) клиенттің шотындағы ақшалай қаражат сомасы сауда операцияларын жасау үшін жеткіліксіз;
 - 2) есептен шығарылуы тиіс бағалы қағаздар, ауыртпалық түсірілген және (немесе) оқшауланған.

6-тaraу. ҚАУІПСІЗДІК РӘСІМДЕРІ

28. Қауіпсіздік рәсімдері клиентті және оның электрондық көрсетілетін қызметтерді алуға құқығын дәйекті түрде сәйкестендіруге, клиентке электрондық қызметтер көрсетілетін электрондық құжаттардың мазмұнында бұрмаланулардың және (немесе) өзгерістердің барын анықтауға, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз етуге және осы ақпараттың тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
29. Ақпаратты қорғау мақсатында Брокер клиенттердің операциялары туралы ақпаратты және қосымша сервердегі транзакциялардың жүйелік журналын қамтитын, оның ішінде абоненттік қызмет көрсету (қолдау көрсету) шарты шенберінде қызмет көрсетушіні тарта отырып, дерекқордың резервтік көшірмесін қамтамасыз етеді.
30. Клиентті сәйкестендіру мақсатында сауда жүйесіне/мобилді қолданбаға кіруді жузеге асыру кезінде клиент логин мен өзі жасаған парольді енгізеді. Деректер сауда жүйесіне тиісті шифрлау әдістерін қолдана отырып, қорғалған SSL протоколы арқылы беріледі. Логин мен пароль сәйкес келген кезде, клиентке қарау режимінде жеке кабинетке кіру мүмкіндігі беріледі.
31. Сауда сессиясын ашу үшін клиент сауда жүйесінің/мобилді қолданбаның жеке кабинетінде көп факторлы аутентификация әдісін таңдап, тиісті сұрату арқылы сауда сессиясын ашуды бастайды. Осыдан кейін клиентке сауда операцияларын жасауға тапсырмалар беру мүмкіндігі беріледі.
32. Берілетін және алынатын ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз ету мақсатында сауда жүйесінде SSL шифрлау, TLS 1.3 хаттамасы, RSA шифрланған PKCS #1 SHA-256 сертификаты пайдаланылады. Шифрлау сауда жүйесіндегі клиенттің деректерін Интернет желісі арқылы жібермес бұрын шифрланған кодқа түрлендіреді және сауда жүйесі мен клиенттің интернет-браузері арасындағы жолда клиенттің ақпаратының конфиденциалдылығын қамтамасыз етеді.
33. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында сауда жүйесінде клиенттің сауда жүйесінде сауда сессиясын өшіру функциясы көзделген. Сауда жүйесінде клиенттің ағымдағы сессиясын өшіру деп жеке кабинеттен шықкан не интернет-браузерді немесе мобилді қолданы жапқан жағдайда электрондық қызметтер көрсетуден бас тарту түсініледі. Бұл ретте клиент болмаған кезде дербес компьютерді немесе мобилді құрылғыны ағымдағы сессияда қалдыруға кеңес берілмейді.
34. Клиенттің пайдалануышының сауда жүйесіне кіретін атын (логинін), паролін жариялауға/үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Сауда жүйесіне кіру үшін пайдалануышының атын (логинін) және паролін оларға үәкілетті емес тұлғалардың кіруін болдырмайтын жағдайларда сақтау қажет. Клиент өзіне жоғарыда көрсетілген ақпаратты/жабдықты сақтау бойынша талаптарды қамтамасыз етуге байланысты барлық тәуекелді қабылдайды.
35. Тапсырмада көрсетілген деректерді растау мақсатында Брокердің менеджері телефон байланысы арқылы клиенттің тапсырмасын орындауға байланысты қажетті мәліметтерді алады/нақтылайды. Клиентті верификациялау мақсатында тапсырма берілген жағдайда көп факторлы аутентификация қолданылады.
36. Үшінші тұлғалардың сауда жүйесіне кіруінен қорғау мақсатында клиентке мынадай ең төменгі талаптарды қанағаттандыратын паролдер орнатуға кеңес беріледі:
 - 1) паролде пайдаланушы есептік жазбасының аты немесе оның қандай да бір бөлігі болуы мүмкін емес;
 - 2) пароль кемінде 8 (сегіз) таңбадан тұруы тиіс;
 - 3) паролде мынадай төрт:
 - ағылшын әліпбінің A-дан Z-ге дейінгі бас әріптері;
 - ағылшын әліпбінің a-дан z-ге дейінгі әріптері;

ондық сандар (0-ден 9-ға дейін);

әліпбелік емес таңбалардан (мысалы !, \$, #, %) тұратын санаттың 3 (үш) санатының таңбалары болуы тиіс.

37. Сауда жүйесінде мыналар:

- 1) сауда жүйесінде деректердің тұтастығын бұзуға жол беретін қаражаттың болуы;
- 2) қалыптасқан шығыс есептеріне тікелей өзгерістер енгізуге мүмкіндік беретін функциялардың болуы;
- 3) жүргізілген операциялар туралы деректерді және осы үшін арнайы арналған операцияларды (функцияларды) қоспағанда, дербес шоттардың жай-күйін өзгерту (жою);
- 4) шығыс үлгілерін, оның ішінде клиенттік тапсырысты, клиенттің бүйрекін, клиенттің жүргізілген операциялары туралы есепті, клиенттің дербес шотынан үзінді көшірмені форматтау (өзгерту) көзделмейді.

38. Брокердің ішкі құжаттарында қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру схемаларында электрондық қызметтер көрсетудің қолданыстағы немесе енгізілетін тәсілдері мен технологияларын пайдалануды болғызыбау жөніндегі қажетті рәсімдер қамтылады.

7-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

39. Электрондық қызметтерді ұсынуға байланысты мәселе бойынша клиент мынадай байланыс деректері бойынша жүргіне алады: Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы 77/7, үй-жай нөмірі 3А, тел: +7 (727) 311 10 64/65.
40. Брокер клиентті осындағы өзгерістер туралы мынадай: www.almaty-ffin.kz ресми сайтында алдын ала хабардар ете отырып, байланыс деректерін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.
41. Брокер осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтыруларды кейіннен [www.almaty- ffina.kz](http://www.almaty-ffin.kz) интернет-ресурсында орналастыра отырып, олар қолданысқа енгізілген күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей біржақты тәртіппен енгізуге құқылы.
42. Осы Қағидаларда реттелмеген өзге де мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Брокердің ішкі құжаттарына, Шартқа және іскерлік айналым әдет-ғұрыптарына сәйкес шешіледі.